

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Мұнай транзиті туралы КЕЛІСІМ

Келісім 2002 жылғы 7 маусым. Санкт-Петербург қаласы. 2002 жылғы 7 маусыман бастап күшіне енді.

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1993 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ынтымақтастық және отын-энергетика кешендерін дамыту туралы келісімді, 1997 жылғы 25 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Мұнай-газ салаларындағы техникалық және экономикалық ынтымақтастық пен ықпалдасу туралы келісімді, 1996 жылғы 12 сәуірдегі Магистральды құбыр желілері бойынша мұнай мен мұнай өнімдерінің транзиті саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісімді P970798_ , 1998 жылғы 22 қаңтардағы Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумағы арқылы транзиттің бірыңғай ережелері туралы келісімді Z980313_ , 1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумағы арқылы транзит тәртібі туралы келісімді P000547_ басшылыққа ала отырып,

мұнай транзиті саласында бұдан былайғы өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту мен тереңдетуге мүдделілікке сүйене отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өзара пайда негізінде және бір-бірінің экономикалық мүдделерін ескере отырып, құбыр желісімен және тасымалдың басқа түрлерімен мұнай транзиті саласында ынтымақтасады.

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арқылы мұнай транзитінің тәртібін, ережелерін және жалпы қағидаттарын белгілейді.

2-бап

Осы Келісімді іске асыру үшін құзыретті органдар:

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;

Ресей Тарапынан - Ресей Федерациясының Энергетика министрлігі тағайындалады.

3-бап

Тараптар жұмыс істеп тұрған тасымал жүйесімен, соның ішінде магистральды мұнай құбырлары жүйесімен, келісілген мөлшерде Тараптар мемлекеттерінің аумағы арқылы ұзақ мерзімді мұнай транзитін жүзеге асырудың кепілді мүмкіндігін береді.

4-бап

Тараптар магистральдық мұнай құбырларының жұмыс істеп тұрған жүйелерін кеңейту және қайта құру жөніндегі жобаларды, сондай-ақ жаңа экспорттық бағыттар бойынша мұнай тасымалының перспективалы жобаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға ықпал етеді.

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында осы Келісімге қосымшада көзделген көлемдерде және бағыттар бойынша, оның ішінде Атырау (Қазақстан) - Самара (Ресей) бағыты бойынша жылына кемінде 15 млн. тонна көлемінде мұнай тасымалдау үшін Тараптар:

- Атырау - Самара мұнай құбырының өткізу қабілетін мына бағыттардың бірі бойынша: Қара теңіз бағытында немесе Балтық теңізі бағытында немесе Ресей Федерациясының батыс шекарасы бағытында келісілген көлемде оны тасымалдау үшін жылына 15,0 млн. тоннадан 25,0 млн. тонна мұнайға дейін ұлғайту перспективаларын зерделеу жөнінде бойынша жұмыс жүргізуді;

- "Каспий Құбыр Консорциумы" (бұдан әрі - КҚК) мұнай құбыры жүйесінің өткізу қабілетін 2014 жылға дейін жылына 67,0 млн. тонна мұнайға дейін арттыру жөнінде жұмыстар жүргізуді;

- мұнайды Жерорта теңізіндегі тиісті порттарға дейін тасымалдау мақсатында Бургас - Александруполис және (немесе) Самсун - Джейхан мұнай құбырларының жобаларын бірлесіп іске асыруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.11.2009 № 1895 қаулысымен.

5-бап

Ресей Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан мұнайы транзитінің бағыттарын және оның көлемін Ресей Тарабының құзыретті органы Қазақстан Тарабын құзыретті органының өтінімдері негізінде жыл сайын белгілейді және олар белгіленген тәртіппен бекітілетін мұнай транзитінің кестесіне енгізіледі.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.09.2006 № 950 қаулысымен.

6-бап

Ресей Тарабы Қазақстан мұнайының транзитін магистральды мұнай құбырлары желісі бойынша Ресей Федерациясының аумағы арқылы жүзеге асыруға кепілді түрде

мүмкіндік береді, ал Қазақстан Тарабы транзит режимінде аталған көлемдерде осы Келісім қолданылатын мерзім бойына мұнай жеткізілімін кепілді түрде мына шамада қамтамасыз етеді:

Атырау - Самара мұнай құбыры бойынша - жылына 15 млн. тоннадан кем емес;

Махачкала - Тихорецк - Новороссийск мұнай құбырлары жүйесі бойынша жылына 2,5 млн. тоннадан кем емес.

7-бап

Қазақстан тарапы қолда бар және жаңадан құрылатын магистральдық мұнай құбырлары жүйелерімен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ресейлік мұнайдың транзитін жылына 10 млн. тоннаға дейін арттыру мүмкіндігімен жылына 7 млн. тонна көлемінде, Ресей Федерациясының шекарасы – Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс) – Атасу (Қазақстан Республикасы) – Алашанькоу (Қытай Халық Республикасы) бағыты бойынша жүзеге асыру мүмкіндігін кепілді түрде береді.

Ресей тарапы транзит режимінде жылына 7 млн. тонна көлемінде ресейлік мұнайды жеткізу мүмкіндігін кепілді түрде қамтамасыз етеді.

Мұнай жеткізуді жылына 10 млн. тоннаға дейін ұлғайтқан жағдайда, Тараптар өз мемлекеттері аумағында орналасқан мұнай құбыры жүйелерін уақтылы жаңарту және қуатын арттыру үшін жағдай жасайды.

Ресей тарапының құзыретті органы мәлімдеген ресейлік мұнайдың транзит көлемі Қазақстан тарапы бекіткен, экспортқа арналған мұнайды тасымалдау кестесіне енгізіледі.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 169 қаулысымен.

8-бап

Қазақстандық мұнайдың транзиті Каспий Тұрбақұбыры Консорциумының (КТҚ) Теңіз-Новороссийск мұнай құбыры бойынша қолданыстағы келісімдерге және шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Омбы (Ресей Федерациясы) - Ертіс (Қазақстан Республикасы) - Атасу (Қазақстан Республикасы) - Алашанькоу (Қытай Халық Республикасы) бағыты бойынша ресейлік мұнайдың транзиті халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Омбы (Ресей Федерациясы) – Ертіс (Қазақстан Республикасы) – Атасу (Қазақстан Республикасы) – Алашанькоу (Қытай Халық Республикасы) бағыты бойынша ресейлік мұнайдың транзиті халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1373; 31.03.2016 № 169 қаулыларымен.

9-бап

Мұнайды транзиттік режимде Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арқылы тасымалдау жөніндегі қызмет көрсету шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы шарттар (келісім-шарттар) негізінде жүзеге асырылады.

10-бап

Тараптардың мемлекеттерінің аумақтары бойынша мұнай транзитін жүзеге асыру жөніндегі қызметтерге ақы төлеу Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының атқарушы өкімет органдары бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Тараптар мемлекеттерінің аумақтары бойынша транзит режимінде ауыстырылатын мұнай транзиті жөніндегі қызметтер тарифі бәсекеге қабілетті және кемсітілмейтін болуы тиіс.

Тараптар мемлекеттерінің аумақтары бойынша транзит режимінде ауыстырылатын мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу 2010 жылдан бастап инфляция деңгейіне сәйкес жыл сайын индекстелуі мүмкін 2009 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша қолданыстағы тарифтер бойынша 2014 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүргізіледі. Бұл ретте салыстыру жағдайларында көрсетілген тарифтер мұнайды транзит режимінде емес тасымалдау үшін белгіленген тарифтерден аспайтын болады.

Тараптар жұмыс істеп тұрған магистральдық мұнай құбырлары жүйелерін кеңейту туралы шешім қабылдаған жағдайда транзит режимінде ауыстырылатын мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерге арналған тариф оларды кеңейту жөніндегі шығындарды жабу үшін қажетті деңгейге дейін инвестициялық құрауыш сомасына ұлғайтылатын болады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.11.2009 № 1895 қаулысымен.

11-бап

Осы Келісімнің объектісі болып табылатын тұрба құбыр желілері және тасымалдың өзге де түрлерімен транзиттік режимде тасымалданатын мұнайға меншік құқығы шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы шарттарға сәйкес тиісті жүк жөнелтушілерде сақталады.

12-бап

Соған сәйкес мұнай Тараптар мемлекеттерінің кеден аумақтары арқылы тасымалданатын кедендік режим Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ұлттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

13-бап

Егер транзит үшін қазіргі бар магистральдық мұнай құбырлары жүйесі қуаттарының мүмкіндігінен асатын мұнайдың көлемі мәлімделсе, Тараптардың құзыретті органдары қосымша қуаттарды құру шарттарын келіседі.

Жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру және мұнайдың қосымша көлемінің транзиті үшін Тараптардың бірінің мұнай құбыры жүйесінің қолда бар транзиттік қуаттарын кеңейту және жаңаларын салу кезінде қарыз қаражатының қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында екінші Тараптың осы қуаттарды пайдаланатын шаруашылық жүргізуші субъектілері тиісті Тараптың құзыретті органы белгілейтін тәртіппен қарыз қаражатының қайтарылуын қамтамасыз ететін кезеңге мұнайдың ең аз көлемін жеткізуді жүзеге асыруға кепілдіктер беруі тиіс.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.09.2006 № 950 қаулысымен.

13-1 бап

Осы Келісімге қосымшада көзделген Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының аумағы арқылы мұнай және тұрақты газ конденсатын тасымалдау көлемі мен бағыттары тасымалдау бағыттары көрсетіліп, оның ішінде транзит үшін мұнай құбырларының қуаттарын кеңейту мүмкіндігі ескеріле отырып, жыл сайын нақтыланады және Тараптардың құзыретті органдары бекітеді.

Ескерту. Келісім 13-1-баппен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.09.2006 № 950 қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.11.2009 № 1895 қаулысымен.

14-бап

Тежеусіз күш жағдаяттарының орын алуы салдарынан транзит үзілген, қысқартылған немесе тоқтатылған жағдайда Тараптардың құзыретті органдары бұдан арғы іс-қимылдарын келісіп алу үшін тиісті консультациялар өткізеді. Тежеусіз күш жағдаяттары орын алған жағдайда осы Келісімде белгіленген міндеттемелерін орындауы мүмкін болмайтын Тарап бұл туралы басқа Тарапты үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

15-бап

Тараптар магистральды мұнай құбырлары объектілеріндегі дүлей апаттар, авариялық жағдайлар және апаттар зардаптарын жою кезінде мамандар жіберу, материалдық-техникалық ресурстар мен арнайы техника беру жолымен өзара көмек көрсетеді.

Әр Тарап өздерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес авариялық-қалпына келтіру бригадаларының шекарадан тосқауылсыз өтуі және магистральды мұнай құбырлары

объектілеріндегі дүлей апаттар, авариялық жағдайлар және апаттар зардаптарын жоюға пайдаланылатын жабдықтарды, материалдар мен арнайы техниканы уақытша әкелу үшін Тараптар мемлекеттерінің қажетті шаралар қабылдауын қамтамасыз етеді.

16-бап

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар мен уағдаластықтар бойынша міндеттемелерін орындауына нұқсан келтірмейтіндей етіп жүзеге асырылады.

17-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар өзара консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы шешілетін болады.

18-бап

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген Хаттамалармен ресімделеді.

19-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 25 жыл бойына қолданылады. Оның күші келесі бес жыл кезеңге өздігінен ұзартылып отырады. Осы Келісімнің күші Тараптардың бірі басқа Тараптан осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап 12 ай өткеннен кейін тоқтатылуы мүмкін.

Осы Келісім тоқтатылғаннан кейін оның ережелері, Тараптарда оны тоқтатуға дейін туындаған міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылатын болады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 № 1373; 31.03.2016 № 169 қаулыларымен.

Санкт-Петербург қаласында 2002 жылғы 7 маусымда қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

2002 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен
Ресей Федерациясының Үкіметі
арасындағы мұнай транзиті
туралы келісімге
ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы аумақтары бойынша мұнай және тұрақты газ конденсатын тасымалдау
КӨЛЕМДЕРІ МЕН БАҒЫТТАРЫ**

Ескерту. Келісім қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.11.2009 № 1895 қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.03.2016 № 169 қаулысымен.

(млн. тонна)

	2014 жылы	2020 жылы
Ішкі тұтыну		
Қазақстан Республикасы – баламалы көлемде мұнайдың өзара жеткізілімін есепке алмағанда Ресей Федерациясының импорты*	0	0
Экспорт		
Қазақстан Республикасынан – барлығы (кем емес)	64	69
оның ішінде Ресей Федерациясы арқылы транзит:		
Атырау – Самара (кем емес)	15	15
Каспий құбыры консорциумы	36,4**	50**
Махачкала – Новороссийск	4	4

	2014 жылы	2020 жылы
Ресей Федерациясынан – барлығы (аспайтын)	11	22
оның ішінде:		
Каспий құбыры консорциумы (Кропоткин, Комсомольская)	4**	15**
Қазақстан Республикасы арқылы транзит Омбы – Ертіс – Атасу – Алашанькоу	7***	7***

* Мұнайдың өзара жеткізілімінің көлемдері мен бағыттары 2010 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімнің 5-бабына сәйкес анықталады.

** Каспий құбыры консорциумының өткізу мүмкіндігін жылына 67 млн. тонна мұнайға дейін кеңейту.

*** Жылына 10 млн. тоннаға ұлғайту мүмкіндігімен

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ